

ОРЫС ТІЛІН ШЕТ ТІЛІ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНДЕ ЛЕКСИКАЛЫҚ МИНИМУМДАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫ ТУРАЛЫ

**Ихсангалиева Г.К.,
филол. ғ. д., проф.
Нуржанова Ж.С., филол. ғ. к., доц.
(Алматы қ., әл-Фараби ат. ҚазҰУ)**

Орыс тілінің лексикалық жүйесін оқыту аспектісі әлі де жеткілікті дәрежеде лингвистикалық тұрғыдан қарастырылмаған және әдістемелік тұрғыдан ұйымдастырылмаған. Бұл жағдай «біріншіден, лексикадағы жүйелілік – тіл құрылымындағы ең күрделі құбылыс, себебі лексиканы ретке келтіру әлде де қиын мәселе болып қалып отыр, екіншіден, сөздің өзі тілдің негізгі базалық бірлігі ретінде де өте күрделі, әрқилы және көпқырлы құбылыс, сипаты бойынша әмбебап, тілде атқаратын қызметі бойынша бірегей» болып табылатындығына байланысты [2, 45 б.]. Алайда орыс тілін шет тілі ретінде оқытуда лексиканы азайту мәселесіне еріксіз тап боламыз, яғни орыс тілін меңгеруге арналған лексикалық материалды іріктеу және ұйымдастыру деңгейі әртүрлі. Барлық сөздерді қамту, оларды меңгеру және белсенді түрде қолдану мүмкін емес екендігі түсінікті.

Ана тілінде сөйлейтін адамның актив және пассив сөздігі орта есеппен алғанда 10 мың сөзден 30 мың сөз аралығында. Сонда орыс тілін үйренуші қанша сөз білуі керек және қандай сөздерді іріктеу керек? Әдістемеде мұндай іріктеу қағидалары көрсетілген, олардың негізінде лексика сұрыпталады. Оларды статистикалық, әдістемелік, лингвистикалық қағидалар деп бөліп қарастыруға болады.

Статистикалық қағида лексиканың жиілігі, қолданымдылығы бойынша анықталады. Орыс тілінде ең жиі қолданылатын лексика – есімдіктер, оның ішінде жіктеу, тәуелдеу, сілтеу есімдіктері, одағайлар, қимыл-сын етістіктері және т.б. Лексиканың қолданымдылығы жағдаятқа тәуелді. Мысалы, азық-түлік атаулары жиі лексикаға жатпайды, алайда бөтен елге келушіге бұл ұғымдар айрықша маңызды болып табылады.

Әдістемелік қағида білім алушыны оқыту мақсатына, оқу бағдарламасында ұсынылатын сөйлеу тақырыптарына бағдарлайды. Бағдарламаға оқытылатын тақырыптарға сәйкесетін сөздерді енгізу қажет. Бұл сөздер жиі қолданылатын сөздер болмауы мүмкін, бірақ олардың жоқтығы сөйлеушіні қиын жағдайға қалдыруы мүмкін.

Лингвистикалық қағида сөздің тіркесімділігіне, сөздің сөзжасамдық қасиетіне, стилистикалық бейтараптылығына және сөйленіс құрастыру мүмкіндігіне негізделеді.

Сөйтіп тілдің лексикалық минимумын құрастыру үшін басқа бірліктермен тіркесетін және кең мағынаға ие, туынды сөздер қатарын құрайтын, тар салада қолданылмайтын, сөйленіс құруда жетекші рөл атқаратын сөздерді таңдауымыз керек.

Лексикалық минимумдар оқытудың бастапқы және жалғастыру кезеңдеріне арналған, оқуға арналған минимум, мамандық тілі бойынша минимум және т.б. болады. Минимумдар актив сөздікті құрастыруға негізделеді. Актив лексикаға адам ауызша және жазбаша сөйлеуде қолданатын, өздігінше қолдана алатын өнімді сөздер кіреді. Пассив сөздік рецептивті. Тіл үйренуші сөздің қалай жазылатынын білген соң дыбыстық-әріптік кешенді мағынасымен сәйкестендіре алады, яғни көрген соң түсінеді. Пассив сөздікке үйренуші білетін, еститін, мәтінде кездестіретін, бірақ қолданбайтын лексикалық бірліктер кіреді. Мысалы, *город / городской, подарок / подарить, группа/групповой*. Пассив сөздік сөзді кіргізетін әлеуетті сөздік есебінен көбейеді, олардың мағынасын тіл үйренуші ана тілімен ұқсастығы арқылы біле алады. Олар – халықаралық лексика, сөзжасамдық элементтер бойынша, контекст арқылы анықталатын сөздер. Үйренушінің сөздік қоры тілдік болжамдар негізінде құралады. Сөйлеуде сөзжасамдық модельді байланыстыра білу әлеуетті сөздікті кеңейту құралы болып табылады.

Лексика бойынша бастапқы кезеңдегі негізгі міндеттердің бірі – лексикалық дағдыларды қалыптастыру. Бұл дегеніміз лексикалық бірлік мағынасын дәл анықтау, оны сөйлеуде берілген жағдаятқа сәйкес басқа бірліктермен, синонимдермен және антонимдермен дұрыс тіркестіру, сондай-ақ сөзжасам ережелерін меңгеру.

Бастапқы кезеңде лексиканы оқытуда өзекті тақырыпты біріктіретін лексиканы таңдап енгізу қажет. Әсіресе жаңадан келген студенттерге университеттегі жаңа өмір жағдайына немесе оқу ісіне неғұрлым тезірек бейімделуі үшін минималды сөздікті дұрыс мұқият таңдап беру қажет. Сөйлеу білік-дағдысын қалыптастырудың лексикалық негізін қамтамасыз ету, грамматиканы оқытудың лексикалық базасын құрастыру да тілді оқытудың бастапқы кезеңінің ажырамас шарттары болып табылады.

Лексиканы оқыту грамматиканы, фонетиканы оқытуға бағынады, яғни дыбыстар мен әріптерді ажырату сөйленістерде сәйкес лексикалық толықтырулармен жүзеге асырылады. Мысалы, *Это стол. Это ручка. Ручка тут. Стол там*. Сөздікке род категориясын енгізген кезде жіктеу есімдіктері мен зат есімдер қосылады: *дом, стол, тетрадь, словарь, комната, студент, окно, общежитие*. Септіктерді енгізгенде лексика грамматика қажеттіліктерін ескере отырып таңдалады.

Лексиканы тиімді және орынды енгізу үшін лексикалық минимум көлемі мен құрамын анықтау қажет, онда бір жағынан тілді қарым-қатынас ретінде қолдануға мүмкіндік беретін минималды сөз қоры, екінші жағынан – минимум – бұл адамның оқу мүмкіндіктері тұрғысынан және тілді меңгеруге бөлінген сағат саны тұрғысынан максимум сан. Лексикалық минимумды іріктеуде оқытудың бастапқы кезеңінде бірмағыналы және көпмағыналы сөздер, омонимдер, синонимдер және антонимдер болатынын есте ұстау қажет. Барлық бұл топтар лексикалық минимумның бастапқы кезеңінде болуы тиіс. Бастапқы кезеңде синонимдер саны аз болуы тиіс, себебі мағынасы жағынан ажыратылатын жақын сөздердің көп болуы олардың

белсенді түрде қолданылуын қиындатады. Нақты жағдайлар мен оқыту мақсатына байланысты синонимиялық қатарлардың жекелеген мүшелері не минимумға мүлдем қосылмайды, не актив және пассив қор арасында бөлінеді. Айталық, актив қорға *врач, работать, сочинение, еда, большой* сөздері еңсе, пассив қорға – *доктор, трудиться, эссе, пицца, огромный* сөздері кіреді. Антонимдер лексикалық минимумның айтарлықтай үлкен тобына кіреді: *умный – глупый, большой – маленький, длинный – короткий, тут – там, день – ночь, горячий – холодный*. Олар белгілі бір ауызекі тақырыпқа байланысты енгізіліп, белсенді түрде меңгеріледі. Көпмағыналы сөздер минимумға өзінің барлық мағынасымен кіре алады, мысалы, *идти* – қозғалу амалы және осы етістіктің ауыспалы мағынасымен тіркеседі: *дождь идет, время идет*. Көпмағыналы сөздер тек белгілі бір мағыналарымен және лексика-семантикалық нұсқаларымен берілуі мүмкін, мысалы, *отвечать* етістігінің үш мағынасы бар, оның ішінде «*соответствовать чему-либо*» (*отвечать нормам, духу времени*) мағынасынан гөрі «*дать ответ*» мағынасы белсенді, себебі алдыңғысының мағынасы қоғамдық-публицистикалық тілге тән; *идти* кейінірек ауыспалы мағынасында беріледі: «*это платье тебе идет*».

Бастапқы кезеңге арналған минимумды іріктеп алуда тек лексика-семантикалық қана емес, сондай-ақ лексика-грамматикалық нұсқаларды көрсету керек. Мысалы, *помогать/помочь* етістігі *помогать/помочь кому что делать* және *помогать кому в чем* секілді лексика-грамматикалық нұсқаларды құрайды. Етістіктің бірінші нұсқасы актив қолданылуы, ал екіншісі пассив қолданылуы мүмкін.

Сөйлеу әрекетінің өнімді түрлеріне сөйлеу әрекетінің рецептивті түрлерін жүзеге асыруға қажетті сөздермен салыстырғанда басқа сөздер жиі талап етіледі. Өнімді минимумдар курс бағдарламасы айқындайтын тақырып шеңберінде жағдаяттық-тақырыптық негізде құрастырылады. Оқуға арналған минимумдарды құрастыруда сөздердің мәтіндерде, узушта, күнделікті сөйлеуде нақты қолданылымдылығын көрсететін жиілік сөздіктерге сүйенеді.

Біздіңше, сондай-ақ шетелдік студенттердің орыс тілінде кәсіби білім алуға деген ұмтылысын да ескеру қажет, сөйтіп бастапқы кезеңдегі қарым-қатынастың жетекші саласы оқу-кәсіптік те болып табылады. Сондықтан берілген студенттер контингентіне ұсынып отырған бағдарламамыз олардың осы саладағы қажеттеліктеріне сәйкес болуы қажет. Демек, олар сабақта мамандық тілі бойынша беретін лексиканы, кәсіби бейімделген мәтіндерді құрайтын лексиканы, сонымен қатар түрлі профильдегі ауызша және жазбаша тілдегі белсенді лексиканы меңгеруі керек. Сөйтіп, біз студенттерді мамандық бойынша лексикалық минимуммен қамтамасыз етеміз, ал студенттер терминологиялық лексиканы саналы түрде меңгеруге ұмтылады. Студент өзінің ана тілінен таныс ұғымдарын үйреніп жатқан тілінде, бұл жерде орыс тілінде білдіруді үйренеді.

Сөйтіп студенттердің оқу үдерісінде игеруі қажет кез келген шет тілі ретіндегі тілдің негізгі аспектілері ішінде, біздіңше, аса маңыздысы және мәндісі – лексика, себебі сөздік қорсыз тілді меңгеру мүмкін емес.

Әдебиет:

1. Капитонова Т. И., Московкин Л. В. Методика обучения русскому языку как иностранному на этапе педвузовской подготовки. - СПб: Златоуст, 2005. – 272 б.
2. Щукин А. Н. Методика преподавания русского языка как иностранного. - М.: Русский язык, 2003. – 334 б.